

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 34/195 "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 7 қарашадағы № 43/254 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 5651 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1 – баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-7 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 34/195 (2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5197 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1.Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер 68 308 мың теңге;
салықтық түсімдер 32 136 мың теңге;
салықтық емес түсімдер 63 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;
трансферттер түсімі 36 109 мың теңге;
- 2) шығындар 71 183,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттер 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу 0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 2 875,5 мың теңге;
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 2 875,5 мың теңге;
 қарыздар түсімі 0 мың теңге;
 қарыздарды өтеу 0 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 2 875,5 мың теңге.";

1-2-тармақтың 1 абзацы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1-2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджетінде ең төменгі еңбекақы төлемі көлемінің өзгеруіне байланысты республикалық бюджеттен, Явленка ауылдық округінің бюджетіне азаматтық қызметкерлердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен күтілетін ұйымдар жұмысшыларының, қазыналық кәсіпорындар жұмысшыларының бөлек санаттарының еңбекақы төлемдерін арттыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 3 212 мың теңге сомасында қарастырылсын."

1-3-тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-3. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджетінде Явленка ауылдық округінің бюджетіне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақыларын 1 248 мың теңге сомасында ұлғайту үшін қарастырылсын.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

А.Жолтабаров

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
хатшысы

А.Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
 мәслихатының 2019 жылғы 7 қарашадағы № 43/
 254 шешіміне 1 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
 маслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №
 34/195 шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)

			1) Кірістер	68 308
1			Салықтық түсімдер	32 136
	01		Табыс салығы	16 000
		2	Жеке табыс салығы	16 000
	04		Меншікке салынатын салықтар	16 136
		1	Мүлікке салынатын салықтар	320
		3	Жер салығы	780
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	15 036
2			Салықтық емес түсімдер	63
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	51
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	51
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	12
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	12
4			Трансферттердің түсімдері	36 109
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	36 109
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	31 649
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	7 183,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28 461
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	28 461
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28 461
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 239,5

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 239,5
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	9 313
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 722
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	228
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9 976,5
12			Көлік және коммуникация	6 406
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 406
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	6 406
13			Басқалар	14 077
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 077
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс - шараларды іске асыру	14 077
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 2 875,5
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 875,5
			Қарыздар түсімдері	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	2 875,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 875,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 875,5